



АБАЙ НҰРЫ

Мектепшілік мәдени-танымдық ақпараттық газет. 2020 жылғы қыркүйектен шыға бастады. №5-6 (6) тамыз-қыркүйек-қазан 2021 жыл

ДИРЕКТОР БАҒАНЫ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, АТА-АНАЛАР ЖӘНЕ ШӘКІРТТЕР!

Абай білім шаңырағы кемелденген ұлттық мұраларымызды меңгерген елдің отанышыл жастарын қалыптастыруда өзіндік сара жол қалыптастырды. «Бес асыл іс» қағидасы мектептің жалпы болмысынан орын алып келе жатыр.

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған алаш арысының әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мектепке оралуы. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген жаңа оқу жылы ұстазға жігер, шәкіртке талап пен ізденіс сыйлайды. Сондай-ақ желілік Абай мектептерінің құрамына ену арқылы басқа да еліміздегі Абай мектептерімен тәжірибе алмасу жұмыстары бір жолға қойылып, оң нәтижесін көрсетті.

Өткен жылы Абай атамның 175 жылдығын есте қаларлықтай етіп өткердік. Онымен қоса «Абайтану» пәнінің мектептерге жаппай енгізілуі де қазақтануға деген үлкен бетбұрыс болды. Абайға деген құрмет – қазаққа деген, Отанға деген құрмет. Сол үшін де бұл бір жылменен шектелетін дүние емес, керісінше руханияттың шексіз зеңіріне құлақтап қағылар қанаттың қонысы ғана. Үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінде жасаған Президент жолдауында қазақ тілінің мәртебесі жайлы сөз болған еді. Мектебіміз қазақ мектебі болғандықтан, біз де өз жауапкершілігіміз бен міндеткерлігімізді одан сайын күшейте түстік.

Сонымен қатар, мектептің жүрегі, шәкірттерінің қорғаны, күллі ізгіліктің бастауы ұстаздар мерекесі құтты болсын. Әріптестерімізді шын жүректен төл мерекелерімен құттықтаймын. Сіздердің иықтарыңызда оқыту мен ғылыми зерттеулердің баға жетпес тәжірибесі бар. Білім – түлектерінің жетістігі – бұл оқытушылардың, демек бүкіл мектептің жетістігі. Шәкірттеріңіз биіктен көрінсін. Ғаламды ықтырған індет саябырси бастаған уақта шапшаң ес жию да алдымыздағы жылдың міндетінде. Келген оқу жыл кемел білімге ұмтылыстың жаңа даңғылы. Даңғылда дарабозша шабу біздің ниеті!

Игі тілекпен
мектеп директоры
Айгүл ОҢДАҒАНҚЫЗЫ

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!



Барлығымыз асыға күтетін білім күнінің алғашқы қоңырауы алтын ұя баспалдақты алғаш басқалы тұрған 1-сынып оқушыларына арналды. Елордадағы Абай білім шаңырағында да барлық еліміздегі мектеп қатарлы білім күні жоғарғы деңгейде ұйымдастырылды. Мектеп директоры Айгүл Оңдағанқызы ұстаздарымыз бен ата-аналарымызды және шәкірттерімізді білім күнімен шын жүректен құттықтады. 1-сынып оқушыларына білім жолында ақ жол тіледі.

«Кел балалар оқылық» атты мектеп табалдырығын енді аттаған балдырғандар үшін ұйымдастырылған салтанатты жиынның маңызы зор. Тұтас ізгі ғаламды жаратылысты танып бастайтын, алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған көптен асыға күткен Әліппенің қайта оралуы көңілге қуаныш сыйлады. Бала шақтан болашаққа қадам бастаған 1-сынып оқушыларының армандары асқақ биіктікпен сабақтасып, жарқын

мақсатқа бой түзеген. Оның дәлелі тәуелсіз елдің балдырғандарының азат ел мен білім күнін қатар үйлестіре айтқан өлең шумақтары. Мың бұралған мектептің кішкентай қыздары билеген бидің өзінде қазақи дәстүр мен ұлттық құндылықтың нышаны байқалып тұр. Мектеппен қауышқан балалардың жүздерінде шаттық пен қуаныштың лебі.

Алтын қоңыраулы мерекенің ізін алтын айдарлы балапандар өлең-тақпақтармен жалғады.

Толқынсы пен қуаныштың айдынына айналған ортаны мектеп әнұраны шалқытып ала кетті.

Ұстаздары қадірлі,
Шәкірттері дарынды.
Дос тұтатын бәрінді,
Абай мектебі!

Өмір көші мың сынақ,
Білім сая күн шуақ.
Қазағым шам шырақ,
Абай мектебі!

Осы екі шумаққа сыйып кететін мектептің шуақты келбетін бұлт шалмасын. Осынау арқаның төрінен, қазақтың ен даласына шапағатын төгіп тұра берсін!

Дәулет ЖАЛЕЛ



ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Ұстаз – ұлағатты есім. Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіне қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі – ұстаз.

Ұстаз деген қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. Шәкірттерін білім нәрімен сусында-тып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан ол әрдайым ерекше тұлға ретінде ерекшеленеді. Жыл сайын жаңа оқу жылымен қатар келетін Ұстаздар күні де, назардан тыс қалмай, өз деңгейінде аталып өтіліп жүр. Мерекеге орай, дәстүрлі түрде 1 қазан күні, «Ұстаздар күніне» арналған мектебімізде мерекелік

іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шара әдетінше, мектеп директоры Айгүл Оңдағанқызының ұстаздарды құттықтау сөзімен басталды.

«Сіздерді Ұстаздар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Ұстаздар күні – бұл ұстаздардың жыл сайынғы дәстүрлі түрде атап өтілетін ерекше мерекесі. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған. Абыройлы міндетті қалтқысыз атқарған ұстаздарды халқымыз қашан да төбеге көтеріп, қошеметтеп құрмет тұтқан.

(Соңы 3-бетте).

АДАМЗАТТЫҢ БАС АҚЫНЫ

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, «Адамзаттың Абайы» апталығы аясында Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназия ұжымы және «Абай атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қоры» мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив басқармасы «Руханият» орталығымен бірлесіп «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешеніне сапар шегіп қайтты.

Аталмыш шара барысында осы уақытқа дейін сақталған тың деректермен танысып, тарихқа тағзым жасалды. Мемориалды кешен тоталитаризм дәуіріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР»-да өткізген бейнетті күндері мен әрбірінің сарқылмас ерік-жігері жайлы сыр шертеді.



«ЖАҚСЫ ІСТІҢ БАСЫНА – ЖАҚСЫ КЕЛЕР ҚАСЫНА»

Биыл Абай атамның туғанына 176 жыл, сондай-ақ мемлекет басшысының бұйрығымен бүгінгі күн Абай күні деп белгіленген болатын. Абайдың ізгі мұраларының бірі «Көзімнің қарасы» әніне 130 жыл толып отыр.

Осы айтулы күнге орай мектеп директоры Айгүл Ондағанқызы және бір топ жас мамандар елордамыздың төріндегі Абай ескерткішінің алдына гүл шоқтарын қойып, ғасырдан ұзақ ғұмыр жасаған жоғарыдағы аталмыш әнді бірге шырқады. Таңды баба рухына тағзыммен бастаған мектеп ұжымы күн тәртібінде тұрған келелі істі мектеп шаңырағында жалғады. Онан соң «Абай атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қоры» мен Абай атындағы №87 мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен «Абай» мұражайында Абайдың ұрпағы, колөнер шебері Кабышева Казила

әжемізбен кездесу өтті. Казила анамыз ши арқылы тоқыған Ұлы Абайдың бейнесі бейнеленген туындыларын «Абай» мұражайына тарту етті. Абай атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қорының басқарма төрағасы Аслан Ғафуров мерекемен құттықтап, еліміздің рухани дамуына, жас ұрпаққа салт - дәстүрді дәріптеп жүрген Казила анамызға Абай атындағы мерейтойлық медалін табыстап, алғыс хатпен марапаттады.

Назерке АЛМАСҚЫЗЫ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі



АБАЙ МҰРАСЫ: ЖАҢАША ПАЙЫМДАР



17 тамызда Абай онкүндігінің аясында «Абай мұрасы: жаңаша пайымдар» атты конференция өтті. Жүргізуші мектеп мұғалімі Заңғар Кәрімхан онлайн конференцияның маңызына тоқталып, ұлы ақын мұрасына қатысты жаңа көзқарастардың бар екенін, қарасөздерінің дұрыс оқылуы мәселесін көтерді.

Конференцияның құрметті қонағы – әдебиеттанушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің магистранты Болатбек Құрметұлы Абай қарасөздерін оқудың кілтін тапты. Оның пікірінше, ойшыл хәкімнің барлық қарасөздері тек «Ғаклия Тасдик», яғни 38-қарасөздің негізінде өрбіген. Демек, 38-сөз – мұқым қарасөздің алтын өзегі. Онда да данышпан ақын адамзат сипатының үш үлкен категориясының айналасында сөз қозғаған. Барлық ой, бүкіл түйін – әділет, ғылым, махаббат мәселесіне келіп тірелген.

Сонымен бірге жиын барысында З. Кәрімхан Абай қолжазбасын насихаттаушылардың алғашқыларының бірі Зейнегәбиден Әміреұлының әдеби қызметі, оның қолжазбасының тарихы мен тағдыры,

текстологиялық мәселесін қозғады. Профессор Т. Жұртбайдың «Білмей мұны жазған жоқ...» атты мәтінтанулық зерттеуінің маңызы жайында да сөз сөйледі.

Конференция қонағы Б. Құрметұлы хәкім Абайдың қарасөздерін талдай отырып, оның иман, ар-ұят, қиянатшылдық пен қиянатсыздық, перзент ұғымдары, әсіресе ой қиянаты туралы да ойларымен бөлісті.

Жиынға Абай желілік мектептерінің мұғалімдері мен елорда мектептеріндегі әріптестеріміз қатысты. Тың ойлар айтылып, жаңаша пайымдар қозғалған конференция диттеген мақсатына жетті деген ойдамыз.

Заңғар КӘРІМХАН,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ХӘКІМГЕ ҚҰРМЕТ

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы және Абайдың туған күніне орай 10-23 тамыз аралығында өткен «Адамзаттың Абайы» атты онкүндіктің қорытынды кеші Байқоңыр ауданы әкімдігі, Нұр-Сұлтан қаласы Жазушылар одағы филиалының қатысуымен жоғары деңгейде өтті.



Өнер иелері бас қосқан рухани шара ізгілікпен құндылыққа құрылған мәртебесі биік әдеби-сазды концертпен үйлесім тапты. Мектеп директоры Айгүл Ондағанқызы «Қаламгерлер аллеясына» жиналған қонақтарға бүгінгі ісшараның маңыздылығы туралы айтып, мерекемен құттықтады. Жазушылар одағы атынан келген, Дарын жастар сыйлығының лауреаты, ақын

Арман Шеризат бүгінгі шараның өте ауқымды деңгейде өтіп жатқанын тілге тиек етіп, жүрекжарды өлеңін тарту етті. Дәстүрлі әнші Тельман Нұркенов Абай әндерін тамылжыта орындап, құлақ құрышын

қандырды. «Өрнегін сендей сала алмас» калалық оқушылар арасында суретшілер байқауы мен қонақтармен бірге ойнатылған сөзжұмбақ шешуден жарыс өзіндік қызыққа толы болды. Рухты өлең мен сырлы сазға толы болған «Абайға құрмет! Ашық аспан астында»- атты мерекелік кеш жоғары деңгейде өтті. Абай мектебінің әнұранын әріптестер болып орындап, келген қонақтармен естелік суретке түсумен тарқасты. Абайға құрмет – қазаққа құрмет!

Дәулет ЖАЛЕЛ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұстаздың әр адам жүрегінен алатын орны айрықша. Сондықтан әрқашан ұстаздарға басымызды исек те артық емес», деген мектеп директоры ұстаз сөзінің қасиетті ұғымдардың қатарынан орын алуының өзінде үлкен мән жатқандығын атап өтті.

Іс-шарада ән-күй, түрлі өнер түрінен қойылымдар қойылып, ұстаздарға тамаша көңіл – күй сыйлай алды. Іс-шара барысында биылғы оқу жылында мектебімізде зейнет жасына шыққан ардақты ұстазымыз Жариягүл апайды құрметіне, ұстаздық жолында жүріп өткен кезеңдеріне шолу жүргізу мақсатында, сыр-сұхбат ұйымдастырылды. Өзінің ұстаздық жолдағы қиындықтар мен қызықты сәттерімен бөліскен Жариягүл апайға сұхбат соңында мектеп ұжымы атынан естелік сый-сыяпат жасалып, директордың алғыс хаты тапсырылды.

Сонымен, биылғы ұстаздар мерекесімен тұспа-тұс келген «Қарттар күні» мерекесі назардан тыс қалмай, мектебіміздің зейнеттегі ұстаздарымызды және кіші қызметкерлерді де арнайы құрметтеп, Кәсіподақ ұйымы атынан гүл шоқтары мен сый-сыяпаттар тапсырылды. Мерекелік іс-шараның соңында



Кәсіподақ ұйымы төрағасы Мақсат Падсабаев сөз алып, ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, бірнеше

мұғалімді «Әділет» кәсіподақ ұйымының арнайы «Алғыс хатымен» марапаттады.

Мақсат ПАДСАБАЕВ,
кәсіподақ ұйымының төрағасы

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТ МІНЕЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Дүниенің төрт бұрышын шарлап, тұлпарының тұяғы дүр дегендерге ұйқы нәрін татырмаған түркінің баласының мінгені – жылқы, баққаны – қой, ішкені ақ еді. Содан болар, заңы да сақараның заңындай қатал да, әділ ұлттық ойындарымыз жеткілікті. Қырандай шүйлігіп көкпар ілген, керіле шауып жақ тартқан, шаңдата шауып теңге ілген жауынгер халықтың қыз-жігіт болып ойнаған ойыны да қыз қуу болды. Осы тақылеттес ойын түрлерін меңгерген сарбаздарға дайындықтың өзі ойынмен параспар болар еді. Ол заман өтті, қазір сол ойындардың жұрнағы сайын даламыздың әр өңірінен қылаудай көрінеді. Урбандалған қоғамдағы тегінен ажырамай, салтын сақтап жүргендер де жеткілікті. Тіпті сондай қызығушылығы бар азды-көпті топты қолдап жүрген Ұлттық спорт қауымдастығы да жоқ емес.

Халықтың мәдениеті оның салты, ассуы, шұғылданған кәсібі, ойнаған ойынынан тұрады. Ал мәдениет ауыспалы құбылыс. Оған Еуропаның «поло» деп жүргені біздің «шөген» екенін де мысал ете аламыз. Жә, бұл мақтанатын нәрсе емес. Егер біз сол шөгенді «атасын танытып тұрып» ойнасақ мақтанар едік. Қазірше оның иісі мұрынымызға да бармай тұр. Ақыл-ойды дамытатын тоғызқұмалақ секілді ойындардан да алатын ғибрат зор. Символизм, миф, идеология, дәстүр дегеннің бәрі осында жатыр. Мәселенің бірін айтып, біріне көшпей, айтар ойды жинақтасақ, қазақ ойынының бүкілі дерлік стратегия мен күшке



құрылған. Шеткергі жұрттың мәдениетін меңгерген дұрыс, алайда біздің ішкі діліміз бен сыртқы тінімізге зарары тимеуі қажет. Бұл – талқылайтын мәселе емес.

Ұлттық рух нәзік те, қасиетті нәрсе. Жоғалтып я сөндіріп алсаң қайта жағу, әсте, оңай емес. Оңай еместігін бүгінгінің бедері байқатып-ақ отыр. Ұлтымыздың саны сан соғыстан емес, саналы тоқыратулардан тежелген. Оның алғы шарты да ұлттың рухын әлсірететін іс-қимылдардан тұрды. Астындағы жылқысы, алдындағы төрт түлігінен айырылған халық жаңағы мәрт мінез бен салқын ақылдан мүлдем жұрдай болары анық. Сондай бір сұрқия саясат осыдан ғасыр бұрын күшіне еніп еді. Қара халықты малды

байдан жерігіп, байлық пен беделден алшақ болуға үгіттеп, ұлттың саналы санынан айырып, қаймағын бұзды. Соның зардабын әлі тартып келеміз. Баламыз бүгежектегіш, жалтақ, жасымыз белсіз, жасық, егдеміз беделсіз болып барады. Жылқыдан түскен жастардың «желі шығып» қалғаны өкірер жәйттің бірі болып отыр. Мәселенің шешімі не десек, тұтас бір кешенді жаңғырту болмағы керек. Оның ішінде – ұлттық спорт. Ұлт мінезіне тән іс-қимылмен шұғылданғанда ғана ұлттың жоғалғаны табылып, делебесі қайта коза бастары анық. Себебі қанша әлемдік спорт түрлерімен айналысса да, қан қазақша туламайды, жанкүйер де тақымды ұлттық спорттағыдай қыспайды. Содан болар ұлт

мәселесіне ұйысар тұста, ұйытқымыздың ұйқы-түйқысы шығып жүргені. Ендеше жанды тірлейік, қанды қайта ақ білек бойында жүгіртейік. Қазақтың беделі басқа жұрттың алдында биік болуы үшін, әр бала өз Отанын сүйіп тұру үшін, ертеңгі ер мінезділердің кішкентай жүрегіне Отан Анасы сыйып тұру үшін, мінезіміз иіліп емес, алдына келгенді идіріп тұру үшін, біз бүгін бабаның амалына айналған – ұлт дағдысы, ұлт спортын жаңғыртайық! Бұл – қазақтың деген, осында өндімі, өстімі деген әр жанның жадында жүруі керек ұран.

Сырым ҮСЕНБАЙ,
дене шынықтыру пәні мұғалімі

МЕКТЕП МЕРЕЙІ

24-27 тамыз күндері аралығында өткен республикалық XXII Абай оқуларында мектебіміздің дарынды оқушылары Нұр-Сұлтан қаласының намысын қорғап, үлкен додада бақ сынасты. Республикамыздың әр түкпірінен қатысқан сайыскерлердің ішінен оза шапқан оқушыларымыз жүлделі орындармен оралды.

Атап айтсақ, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» ақындар номинациясы бойынша Айғаным Махсутканова жүлделі II орынға аяқ тіреп, күміс медаль еншіледі. Дарынды шәкіртті даярлаған жетекші – Дәулет Серікұлы Жалелов. Ал «Көңілім әнді ұғады» ән номинациясы бойынша Қарақат Құлажан жүлделі III орынды иеленіп, қола медальді қолға алды.

Қарақаттың талантын шыңдап, жүлделі болуына себепкер, жетекшісі – Назерке Алмасқызы Қуанышбаева. Жүлдегерлерімізді шын жүректен құттықтаймыз! Мектебіміздің беделі биікте тұра берсін!

Нұрболат ҚАБЕН,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі



46-СӨЗ

«Адамзаттың Абайы» атты онкүндігіміздің бүгінгі күнін «46-söz» онлайн-бағдарламасы жалғастырды. Осылайша бақуат ойға бағдар болған бағдарламамыз «АҚ шаңырақтағы» дәстүрлі сұхбатқа айналып отыр.

Сырлы сұхбатқа ҚР МСМ «Қол-жазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы «РММ-нің «Жариялау – баспа» бөлімінің басшысы, абайтанушы-ғалым Күзембаев Қайыржан Ғизатұлы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, «Абай академиясы» ҒЗИ директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жандос Мағазбекұлы Әубәкір, Нұр-Сұлтан қаласы «Жастар» театрының әдебиет бөлімінің қызметкері, ақын Серік Сейтман, жас алаштанушы Данияр Ихсан секілді ғалымдар мен қоғам белсенділері қонақ болып, сүбелі сөз сөйлеп, пайымды пікір қосты.

Қаузалған тақырып – Абайдың заманауи дәріптелу мәселелері. Тақырып төңірегінде әр сөз алушы

қырық өрім қамшыдай ой толғап, «46-сөзін» сөйледі. Алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын, ғылым айдынына құлаш ұрған жастар арасындағы тауан ойлы талас тақырыптың өзектілігін арттырды. Мектебіміздің осындай академиялық деңгейдегі сырлы сұхбаттарға ұйытқы болуы бізді де қуантады. Жаңа оқу жылында толық офлайн түріндегі оқу жүйесіне көшсек, мұндай «ми додасы» мен «ақыл аударыспақтарының» бәрі «біздің ауылда» болмақ. Ендеше келер жылға, кемел ойға бірлікте, амандықта жет.

Өркен ӘБДІР,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі

ТІЛІМІЗДІ ШҰБАРЛАМАЙ СӨЙЛЕСЕК...

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі», – екенін ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырда айтып, қазақ тілінің тазалығына мән берген болатын. Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік тіл мәселесіне келгенде үнсіздік танытқан емес.

Олар тіліміздің асақтығын, айбындылығын, қуаттылығын басқа жұртқа таныту мақсатында өздерінің әрбір жазған туындыларында тілге тиек етіп қана қоймай, сол тілімізді басқа тілдердің арасында жұтылып, жоғалып кетпеуі үшін бастарын қатерге тікті. Мәселен, С.Сейфуллин «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» атты еңбегінде де тіл мәселесін кеңінен қозғаған. 1923 жылғы 9 маусымдағы мақаласында: «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек. Волостной исполкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кісілер даярлап жіберетін курстар ашылу керек. Ауылдан, болыстан, ауданнан қаладағы мекемелерге қағаз жазғанда ылғи қазақ тілінде жазып отыру керек. Қалалардағы мекемелер қазақша жазылған сөздерді алып тексеріп отыруға міндетті. Күллі тілдің бәрі бірдей жүреді деген закон бар. Енді қазақша хат білетін кісілер де бағалырақ болу керек. Өлі қазақша хат білмейтін адамдар французша білсе де Қазақстанда бір кезде іске аспай қалуы ап-анық нәрсе» деп жазды. Бүгінгі таңда осы Сәкен Сейфуллиннің көтерген мәселесі әлі өзектігін жойған емес. Мемлекеттік мекемелердің өзара ішкі хат айналымдары



тек мемлекеттік тілде жүру керек екені қанша айтылғанымен, оның бәрі қағаз жүзінде қалып отырғаны баршаға аян. Таза қазақ балабақшаларының, мектептерінің өзіне министрліктен, басқармадан т.б. келетін хаттар екі тілде қосақталып келетіні қаншалықты дұрыс екен?!

Егемендік алғанымызға 30 жыл толғалы отырса да, әлі күнге дейін мемлекеттік тіліміздің көсегесі көгермей отырғаны жаныңды ауыртады. Таза қазақ балабақшасы, мектебі, колледжі, университеті болғанымен осы мекемелердегі қара көздеріміздің таза қазақ тілінде сөйлеп, сөздің түбін түсіре алмайтыны қынжылтады. Бұл жердегі тілдің осыншалық «бейшара» күйге түсуіне басқа ұлт өкілдерінің еш қатысы жоқ екені шүбәсіз. Қазіргі таңда тіліміздің бөтен сөзбен былғануына әрқайсысымыз

кінәліміз және келешекте сол немқұрайлығымыз үшін ұрпақ алдында жауапты екенімізді ұмытпасақ еді. Балабақша, мектеп, колледж, университет оқытушыларының өзі сөз арасында «класс», «просто», «программа жасау», «звонокқа шығу», «проект» немесе ай аттарының өзін «январь», «сентябрь» деп қолданылуының өзі үлкен кешірілмейтін қателік деп айтар едім. Сондықтан таза қазақша сөйлеп, сөз арасында бөтен тілдің сөздерін қоспай сөйлеуге әркім өзін тәрбиелесе, келешекте осы тәріздес сырт қараған адамға ұсақ-түйек болып көрінетін дүниенің өзі тіліміздің шұбарланбауының алдын алар еді. Өзіміз дұрыс қазақша сөйлесек басқа ұлыстың адамдарынан мемлекеттік тілде сөйле деп талап етуіміздің өзі күлкілі екені айтпаса да түсінікті. Осы орайда, «Имам Ағзам және бал» деген ғибраты мол әңгіме еске оралады.

Бір бала балды көп жей береді екен. Балаға бұл әдетін қойдыра алмаған әке-шешесі жағдайды айтып, баланы Имам Ағзам Әбу Ханифаға ертіп әкеліпті. Имам баланы өзіне қырық күннен кейін әкелуді тапсырады. Айтылған қырық күн өткенде, имам бар болғаны балаға «Балды енді көп жеме, жарай ма?» деп ескертеді. Бір қызығы, бала содан бастап бал жеуін сап тыйыпты. Кейіннен баланың ата-анасы: – Не себепті кеңесіңізді қырық күннен кейін бердіңіз? – деп таңырқағанда, имам: – Баланы әкелген күні өзім бал жеген едім. Егер өзім жасаған істі басқаға жасама



десем, насихатымның әсері болмас еді. Балдың әсері ағзамнан толық кеткенше қырық күн күтуіме тура келді. Содан кейін ғана оған насихат айтуды жөн көрдім, – деп түсіндірген екен. Сол сияқты бізде біреуге таза қазақша сөйле, қазақ тілінде жауап бер, қазақ тілін құрметте, қазақ тілін біл деп айту үшін өзіміз ең бірінші барлық жерде сол тілде қарым-қатынас жасап, өзімізді тәрбиелегеніміз жөн. Ол дегеніміз: үйде, көшеде, қоғамдық орында, үлкен-кішілі жиындарда, өзіміздің ұялы телефонымызды таза қазақша мәзірге ауыстыруымыз қажет, банк қызметіне жүгінген кезде де қазақ тіліндегі мәзірге кіріп сол арқылы барлық қажеттілігімізді

өтеуіміз керек. Сол кезде ғана тілімізге деген сұраныс артады. Ондай болмаған жағдайда, баяғы жартас сол жартас болып қала береді.

Ойымды белгілі алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының сөзімен қорытындылағанды жөн көрдім. «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруді қор қате. Бұл оқығандардың хәм оқушылардың есінен шықпауы керек», – дейді.

Ғалым ҚАЗЖАНОВ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫН ОҚЫТУДАҒЫ 5 ТҮРЛІ ӘДІС

Ұстаздық – бұл тек ғылым ғана емес, сонымен қатар үлкен өнер. «Әншілер адамдарды дауысына өліктресе, ал ұстаздар шәкірттерін білім нәрмен сусындатады, білімнің жарығын шашады». Адамдарды өз білімінің нұрына еруге үйрету – үйрету өнері. Ағылшын тілі мұғалімі ретінде сізде әр түрлі жаңашыл білім болуы керек, сонымен қатар, сізде тілді өрнектеу дағдылары мен сыныптағы ұйымдастыру дағдылары болуы керек.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дегендей мұғалімдердің тілдік дағдылары жақсы, педагогикалық шеберліктері бұл олардың «ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген ұлы сөзге тікелей әсер етеді. Әсіресе ағылшын тілін оқытуда бізде ағылшын тіліндегі орта мен мәдени атмосфера бар, сондықтан оқушылар мұғалімдер үйреткен білімді толық қабылдай алады, негізінен сыныпта оқытуға сүйенеді. Сыныпта оқыту-бұл оқушылардың білім алуының негізгі арнасы. Оқушылардың өзін-өзі басқару қабілеті салыстырмалы түрде нашар. Оларды ағылшын тіліндегі сабақтар қызықтырады ма, жоқ па, негізінен мұғалімдердің оқыту әдістеріне байланысты. Ағылшын тілінің бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларды сабаққа тарту, ағылшын тілін қызығушылықпен үйрену және ағылшын тілінде еркін сөйлеу, шет тілін үйренуге деген қызығушылық пен құлшынысын ояту, ағылшын сабағын сүйікті сабақтарның біріне айналдыру.

«Жақсы бастама-сәттіліктің жартысы» дегендей, сабақта да дәл солай. Мұғалімнің қадағалауы оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, сабаққа белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл бүкіл сыныптың табысқа жетуіне септігін тигізеді. Ағылшын тілін оқытудың сәттілігіне жақсы негіз қалауға дайындық жасау. «Барлық бастамалар қиын». Егер сіз жақсы бастай алсаңыз, ағылшын тілін бастауыш сыныптарда оқыту сәтті болады деп күтілуде. Демек, сабаққа кіріспе сапасы – сабақтың сәтті немесе сәтсіз болуының кепілі. Бастауыш сыныптағы ағылшын тілі сабақтарының кіріспесін қалай табысты етуге болады? Төменде, бірнеше әдістер.

Бірінші:

назарды шоғырландыру

Оқушылардың назарын шоғырландырып, сабаққа зейін аудару. Зердені шоғырландыру.

Бастауыш сынып оқушыларының барлығы-белсенді балалар. Мұғалім сыныпқа алдын

ала кіріп, мінберде тұруы керек. Оқушылар ағылшын тілі мұғалімінің келе жатқанын көргенде, келесі сабақтың ағылшын тілі екенін біледі, олар бірден кітаптарды шығарып, сабаққа дайындалады.

Екінші: сергіту сәті

Музыкамен дауыстап ән айту

Бастауыш сынып оқушылары балабақшада көптеген нәрсені үйренеді, сонымен қатар бастауыш сыныптардың ағылшын тіліндегі оқулықтарында көптеген әдемі әндер бар, мысалы: «Good Morning! In the Classroom. My Father and My Mother.» Жаңа сабақ алдында оқушылардың денесі мен ақылын босаңсыту үшін әсем әуен ойнаңыз. Оқушылар дауыстап ән айта алады, және жағымды ән олардың зейінін шоғырландырады.

Үшіншіден:

көрнекі құралдарды көп көрсету

Суреттер арқылы сөздерді, зат атауларын қайталау. Көрнекіліктердің, сынып суреттерінің негізгі формалары – қабырға кестелері, карткалар, стикерлер, слайд суреттері және т.б. Түрлі-түсті суреттер оқушылардың назарын аударады, олардың рөлге тез енуіне және сыныпта оқуға қатысуына мүмкіндік береді, сонымен қатар оларға дерексіз білімді түсінуге, байқау, қиял мен ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мысалы: объектінің әр түрлі орналасуын көрсету үшін in, on, under, жанында, артында, арасында сияқты предлогтарды қолданыңыз. Мұғалім алдымен қорапқа қатысты ценктің әр түрлі позициясының суретін көрсетеді. Оқушылар суреттер мен өз ойын білдіру үшін ағылшын тілін қолданады. Оқушылар көрнекіліктер арқылы еркін ойнауға, оқушыларға ойлауға жеткілікті кеңістік береді және олардың ой-өрісін одан әрі кеңейтеді. Бақылау негізінде сөйлеу тәжірибесі арқылы студенттер тілдік дайындықты өмірлік практикамен тығыз байланыстыра алады және олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамытады.



Төртіншіден: тіл үйренуге деген қызығушылықты ояту

Қызығушылықты оятып, оқушыларды сынып тұрғыдан ойлауға жетелеу.

оқушылардың білімге деген құштарлығын оятып, оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятады. Оқушылар қызығушылық танытқан соң, олар дұрыс жауапты мұқият іздеп, мұғалімнің соңынан еруі керек.

«Do you have a pen friend?
Have you ever written to him or her?
Do you want to write to him or her?
Let's write to your pen friend, ok?»

Сұқбат арқылы оқушыларды жазуға, сөйлеуге, өз ойларын айтуға жетелеуге болады.

Бесіншіден:

ойын арқылы тілді тез меңгерту

Көңілділікті арттыру үшін ойындар бастаңыз

«Ойнау» балалардың табиғаты. Мұғалімдер сабақ алдында оқу материалдарының мазмұнын толық дайындайды, және тыңдауға, сөйлеуге, оқуға және жазуға үйрететін ойындардың таңдаулы және қызықты сериясын мұқият құрастырғаны дұрыс.

Ойынның көптеген түрлері бар: жұмбақтар, шешендік сөздер, жасыру, мимика, достар табу, заттарды жасыру және т.б. Ойынның дизайны

жаңа, ғылыми және танымдық болуы керек, сондықтан оқушылар ойын кезінде миын қолданып, кейбір мәселелерді өз бетінше ойлай алады. Мысалы: мұғалім сыныпта сабақтың өнімділігін арттыру үшін оқушыларға ойын ойнауды айтады: «Let's play a game, today!» Оқушылар бірге айқайлады: «Тамаша!» – Great!» Тыңдаңыз, Listen, touch your nose!! Мұрныңызды ұстаңыз! «Маған аяғыңызды көрсетіңіз!» Show me your foot!» Сыныптастар бірден осы қимыл іс- әрекетті қайталайды. олардың жылдам әрекеттерін көру күлкілі болды. Бүкіл сынып күлкі мен көңілділікке толы болды. Сондықтан Балаларға көбірек ойындар мен қызықты тапсырмалар беруге болады.

«Сізге жақсы оқу ортасы бар, сіз күн сайын жақсы оқып, алға жылжуыңыз керек!» Мұғалімдер бұл мадақтау мен мадақтау сөздерін оқушыларды шабыттандыру және ынталандыру үшін қолданады, осылайша оқушылар осы ағылшын сабағына деген ынта мен сенімділікке ие болады.

Жоғарыда келтірілген әдіс-тәсілдер бір-бірімен тығыз байланысты. мұғалімдер оқытудың мақсатына жету үшін оларды әр түрлі мазмұнға сәйкес икемді түрде қолдануы керек.

Гүлнар ЛАҚАДЫЛ,
ағылшын тілі пәні мұғалімі

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясында «Білім мен ғылым – елдің тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында позитивті көңіл-күймен педагогикалық кеңес өтті. Педагогикалық кеңес жаңа форматта, екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім мектеп ауласында бірлестіктер арасында үш кезең бойынша өтті.

1) «Білімді ұрпақ – білікті ұстаздан...» Бірлестіктер таныстырылымы;

2) Бес асыл іс... (5 жаңа, тың жобалармен таныстыру);

3) «Іздеген жетер мұратқа» Мектептің атаулы кабинеттері мен коворкинг бұрыштарын арнайы маршрутпен аралау.

Әр бірлестік «Бес асыл іс» жобасы аясында әрбір әдістемелік бірлестік креативті, ерекше жобалардың таныстырылымын жасады.

Бірінші бөлімнің соңы тәтті шаймен жалғасты. Екінші бөлімде күн тәртібі бойынша мектеп директоры және директордың орынбасарлары жұмыс жоспарымен, биылғы оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырды. Сонымен қатар мектебіміздің ұстаздары Бәшіров Нұрбол, Киізбай Асел, Айжан Мукатаева, Айнұр Жаменкенова, Асан Айғаным, Жалелов Даулет, Қасымова Лазим, Қасымов



Берікжан Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің Құрмет грамотасына ие болды. Жаңадан қабылданған ұстаздар алған әсерімен бөлісіп, шағын ойын ойнатылып,

жаңа оқу жылына бірлесе жұмыс жасайтынын алға тартып, тілектерін жаудырды.

Арай ЖӘЛЕПҚЫЗЫ

СӘТІН САЛҒАН КЕЗДЕСУ



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойының аясында «Тіл – ұлттың жаны» тіл айлығының ашылу салтанаты біз ойлағаннан да кең көлемде өтті. Оған дәлел алаштанушы, әдебиеттанушы Алаш институтының директоры, ғалым, Сұлтанхан Аққұлұлының Абай мектебіне келуі. Ахмет Байтұрсынұлының туған күні аясында өткізіліп жатқан рухани кездесу көптің көңілінен шықты.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің ресми түрде ашылып, құрметті қонағымыз ізгі тілегін білдіріп, мектебімізде атқарылып жатқан игі шараларға өз алғысын білдірді. Мектеп тыныс-тіршілігімен толықтай танысып шығып, шәкірттерімізге толағай табыстар тіледі. Мектеп акт залында Сұлтанхан ағамызбен сүбелі сұхбат жүргізіліп, оқушылар көкейінде жүрген сұрақтың жауабын алды. «Ойтұмар»

үйірмесінің талантты талапты оқушылары өлең оқып ән айтты. «Ел бүгіншіл менікі ертең үшін», – деп Ахмет ағамыз айтқандай біздің болашақ жалынды жастар қолында.

Рухани байланыс әлі де өз жалғасын таппақ. Ахмет – қазақтың көшбасшы кеменгері, ұлттың тұлғалы азаматы. Алаш мұрасын зерттеп, насихаттау ұрпақтар сабақтастығы арқылы өз тынысын күн сайын аша бермек. Ахмет – ұлтымыздың ең асыл, ең қымбат рухани

құндылығын жинақтап зерттеп, қай ғылым болмасын алаш үшін тер төккен алып тұлға.

Құрметті қадірлі оқырман алаштың ардақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін оқып, рухани күш алыңыз.

Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киіңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.
Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.
Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.
Қорыта келгенде сәтін салған кездесу,
алаш арыстарының мұраларына терең бойлап,
шәкірттеріміз үшін бала шақтан болашаққа
қанат қағуға серпін сыйлады.

Нұрболат ҚАБЕН,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ФОРМА МЕН МАЗМҰН

Әр нәрсенің өз пішіні болады, пішін - мазмұнды толықтырушы. Әдеби шығармаларды алайық. «Абай жолы» роман-эпопея болып, ал «Алпамыс батыр» жыр үлгісінде жазылған. Сол сияқты спектакльде де, кинода да мазмұн бар, ал жасалу формасы басқа.

Тұрмыстық заттарға қараңызшы: неге ыдыс көбіне цилиндр пішінде, ал компьютер не теледидар төртбұрышты? Ақ аспан, көк аспан деп айта аламыз да, жерді неге басқа түстермен сипаттаймыз?

Бұдан шығатын қорытынды не? Әр зат не құбылыс өз мазмұнына сай пішінге ие. Біз сөз бен ойды абстрактілі не дерексіз ұғым деп есептейміз, яғни оларды көзбен көріп, қолмен ұстай алмаймыз деп түсінеміз. Сондықтан да «сөз де, ой да заттанады» дегенге көбіміз онша мән бермейміз. Бірақ қазіргі зерттеулер дұрыс ой қалыптастыру арқылы эрекеттерімізді реттеуге болатынын дәлелдеуде.

«Сөйле, кім екеніңді айтайын» депті Сократ. Ал мен: « адамның сөзінен бұрын киім киісі ол туралы көп мәліметтің сырын ашып береді» деп айтар едім.

Шындығында, ақ халатты абзал жандарды аппақ халаттарынан, әскери қызметкерлердің қай әскерден екенін де арнайы жұмыс киімдерінен танып білеміз. Оқушы кезімізде киген қоңыр көйлек пен ақ фартукты кейбір елдерде үй қызметшілері кигенін естігенімде, саясат деген осы ма деген күдігім болғанын жасырмаймын. Бізді «өз елінде жүрсе де, біреуге қызмет ететін құлдық санаға осылай оқушы кезімізден теліп қойғысы келді ме екен біреулер?!» деп ойлағаным рас.

Десек те, маған оқушылардың бірыңғай формада жүргені ұнайды. Қазір оқушыларға бұрынғы кездегідей емес, өзі қалаған ақ түсті жейде мен

қара көк түсті белдемше не шалбар киіп келу қарастырылған. Түстері бірдей болғанмен, әркім өзінің дене бітіміне лайықты формадағы киімді таңдап кие алады. Керемет емес пе?! Мектепке формамен келу сол білім ордасына деген құрметті қалыптастырады, сондай-ақ татулықты, тәртіпті паш етеді. Тіпті бірдей форма киіп те түрліше ойлай алуға болады емес пе?!

Мұғалімдердің де формасы бірдей болғаны сырт көзге жақсы көрінеді. Бірақ олардың ішкі мазмұны мұғалімдік келбетке үнемі сай болуын осылай қалып, пішін арқылы нормаға келтіре алатын шығармыз.

«Сыртқы формам ішкі мазмұнымды үркітіп жібермей ме?» деп ойланса екен әркім. Ал мен өткен оқу жылында мұғалімдік келбетке сай оқушылар алдында дәстүрлі сабақ өтуді армандадым, шынымды айтсам...Міне, биыл сол арман мақсатқа айналды. Қазір де аяулы шәкірттеріміздің білім іздеп жалт-жұлт еткен жанарларындағы дарын мен қабілеттің жалынын үрлеп, «қалай ұшқындата алар екенмін?» деген ізденіспен мектепке қарай аяңдап келемін.

Жанар АЛПАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі



АЛТЫН АДАМ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СИМВОЛЫ

Ежелден қазақ халқы алтынның қадірін білгені рас. Алтын мен күмісті тазалықтың нышаны деп те санаған. Жанына жақын, қымбат адамдарын «алтыным» деп өркелеткені тағы да бар. Сонау ғасырлардың куәсі, біздің Алтын адам да алтынды бағаласа, жақсы көрсө керекті.

Шежіремді ұрлапты...

Зулапты күн.

Ғасырлардан бір ызың тыңдап тұрмын.

Алтын адам шынымен қазақ болса,

Білген екен құнының қымбаттығын! –

деп ақиық ақын Мұқағали жырлаған алтын адаммен алғаш рет мұражайда таныстым.

Сол сәтте ойыма мына жыр шумағы орал-

масы бар ма?

Бабалардың қарашы салтын ғажап,

Өмір сүрген далада жарқын да азат.

Алтыннан алтын басын тік ұстаған,

Бұл не деген жүректі батыр ғажап.

Алтын киімді жауынгер бізге сонау

бағзы замандардан жеткен теңдессіз та-

рихи жәдігер. Иә, ол рас. Алтын адамды

тәуелсіздіктің символы деген дұрыс па?

Менің ойымша, алтын – дәулеттіліктің

ғана емес, сенім мен тұрақтылықтың

белгісі болып табылатыны анық. Алтын

адам киіміндегі ою-өрнектер

сол заманның өркениетін,

зергерлерің шеберлігін,

мәдениетіміздің озық үлгісін

әспеттейді. Ою-өрнекке,

батырдың қару-жарағына, киім

үлгісіне қарап дәулетті, тау

тұлғалы, жауырыны жерге

тимеген батыр болғандығын

аңғарамыз. Ою-өрнектегі аң

стилі бостандықтың, қайнаған

күш-қуат пен айбынды өрліктің, ерен

ерліктің, қайсарлық пен қажымас қайраттың,

азаттық пен еркіндіктің, тәуелсіздіктің ны-

шаны. Алтын адамды тәуелсіздіктің сим-

волы дегеніміз дұрыс деп ойлаймын. Сол

заманның өзінде біздің бабаларымыз ал-

тын өндіру, киім тігу технологиясын жолға

қойса керек. Кең дала төсінде еркін өмір

сүріп, ұлан байтақ жерімізді түн ұйқысын

төрт бөліп, көзінің қарашығындай қорғап

өткен. Жеріміздің шетін жау баспасын

деп найзасына үкі таққан елміз, ешбір

дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз

асырмаған елміз, – деп Алтын адам ұрпағы

Абылай бабамыз бекер айтпаса керек.

Бұл – тарих. Тарих – ұлттың айна-

сы. «Алтын адам» бейнесі азаттық пен

Тәуелсіздігіміздің символына айналған.

Тарихтың сырлы парақтары ел келешегі

жас буынның бойында патриоттық

қасиеттерді қалыптастырады.

Осы арқылы өз халқына қызмет

етіп, теңіздің тамшысындай бол-

са да үлес қосуды мақсат тұтар

әрбір жеке тұлғаның талапты

ұмтылысы өркениеттік даму

жолы мен жарқын болашаққа

жетелей береді.

Дәулет САДУАХАСОВ,
8 сынып оқушысы



ТУҒАН ТІЛІМ – БАЙЛЫҒЫМ

Туған тілім – байлығым. Шыр өтіп дүниеге келгенде ана сүтімен бойға сіңетін асыл қазынамыз. Туған тіліміз біз ұлықтауға, біз қастерлеуге, қадірлеуге міндетті байлығымыз. Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт-дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр.

Менің тілім-қазақ тілі. Иә, иә қазақ тілі. Ана сүтімен бойыма сіңген ана тілім. Осы тілде ұлттық болмысты бойыма сіңірдім. Осы тілде сөйлеп, осы тілмен қанаттандым. Қазақ тілі әлемдегі ең ұлы тілдердің бірі. Қазақ тілі-бай тіл. Қазақ тілінің сөздік қоры өте бай,



сөзі жадымыздан шықпауы керек. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп білемін. Мағжан Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген. Тіл байлығы – әрбір ұлттың мақтанышы. Тіліміз арқылы ұлтымызды танытамыз, тіліміз арқылы барша қазақ халқын әлемге көрсете аламыз.

Қорыта келе атқым келгені туған тіліміз біздің баға жетпес қазынамыз.

Тіл туралы ұлы тұлғаларымыздың қанатты сөздері де, өлеңдері де жетерлік. Себебі, туған тіліне ән арнамау, жыр жазбай, тілге тиек етпеу әр жазушы, ұлы тұлға үшін кешірілмейтін қателік болмақ. Туған тілімізді ұмытпай, оны тарату біздің парызымыз. Бауыржан Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген

«Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» – деп Халел Досмұхамедұлы атамыз айтқандай, Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – ана тілінде. Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тілімізді дамыту арқылы ұлтымызды дамытамыз. Тілімізді таныту арқылы ұлтымызды танытамыз. Қазақ тілінің болашағы жүрегі қазақ деп соғатын әр қазақ баласының санасында болуы керек.

Ақнұр МЫРЗАХМЕТ,
7-сынып оқушысы

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ»

Қазіргі кезде қазақ халқымызбен қатар 130-дан астам өзге ұлт өкілдері татту-тәтті тұрып, бейбітшілік заманда ғұмыр кешіп жатқан Тәуелсіз Қазақстан Республикасында барлығымыз бір Отау болып өмір сүріп жатырмыз. Туған жеріміз, ықыласы ыстық өлкеміз Қазақстан өлемде жер көлемі, аумағы жағынан жалпылай 9-орында орналасқан. Иә, шынында да өз жеріміз ұлан-ғайыр кең, шырайлы, көрікті, табиғаты әсем жерде орналасқан.

Ал халқымыз еркіндікте, бейбіт күндерде, қауіпсіздікте, ал ең бастысы үлкен дүлей-дүрбелеңсіз тату халықпыз, ауызбіршілігі сөніп қалмаған елміз. Қазақстан Республикасының барлық ұлт өкілдері етене жақын араласып, ынтымағы жарасқан. Қазақстан әлемге де танымал, жаһан жұртына белгілі, дүниежүзінің түкпір-түкпірдегі елдерге әйгілі ірі мемлекет. Отанымыз қазір әлемдік аренада да маңызды орын алады.

Еліміз әр мемлекетпен әріптестік қарым-қатынаста, серіктестік іс жүргіземіз. Қиын кезде еліміз өз көмегін көрсетеді, күрделі сәттерде немқұрайлық танытпай қолдан келген қолғабысымызды береміз. Қазақстан Республикасы әлемде өз орнында орныққан, картада Орталық Азияда орналасқан ірі мемлекет ретінде саналады.

Алайда, Қазақстан қазіргі жағдайына қалай жетті, бүгінгідей бақытты, ынтымағымыз мықты, таттулық пен еркіндік бар, ең бастысы Тұғыры биік Тәуелсіздікке қалай жеттік? Бұл жолда азаттық үшін азап тартқан, ертеңгі күніміз үшін кешегі күнде зардап шегіп, бақытымыз үшін өз бақытын тәуекелге апарып, біз үшін күрескен, өз жанын құрбан еткен жандардың бірқатарына тоқталып кеткен жөн болар.

Тәуелсіздікті алу жолында күрескен, осы жолда тар жол тайғақ кешкен күндер тарихта жазылып, ұрпақтың жанында мәңгі қалмақ. Ендігі кезекте тәуелсіздіктің туын биік ұстап, әлемдік көштен қалмай, жеріміз бен еліміздің намысын қорғау міндетіміз.



Елшат ӨБЗЕЛБЕК,
11-сынып оқушысы

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ ҮЛКЕН ЖЕМІСІ

Тәуелсіздік-бабалар аңсауы, егеменді ұрпақтың қолы жеткен байлығы. Тәуелсіздік – мағынасы мұхит түбіндегі терең, құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жылдың жүзі болды. 30 жыл ішінде Қазақстан аяғына тұрып, шет елдермен қарым-қатынас түзеп, шекарасын бекіткен зайырлы, дербес мемлекет.

Бұл ата-бабадан келе жатқан ұлы жеңістің үлкен жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған, қазақ жерінің өз көш-басшысы, ұлты мен мәдениеті болды. Желтоқсанның қараулы желі мен қараулы күндеріне қарсы тұрған ата-бабаларымыздың, аға-апаларымыздың ерліктерінің арқасында, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда, кере-геміз кең болып, үздік елдердің қатарына қосылдық.

Бір ғана сөз, тәуелсіздік қаншама қуаныш сезімін тудырады. Бейбітшілік, сыйластық, ынтымақтастық және бақыт. Тәуелсіздік жолында тынбай күресуі нәтижесінде, ешкімнің ықпалына көнбей, ешкімнің қолтығының астында жасырынбайтын қуатты мемлекет болып әлемнің үлкен сахнасынан көріне бастадық. Дегенмен бұл үлкен жетістік оңай жолмен келген жоқ. Тамыры тереңге жайылған тарихымызды еске түсірсек, еліміздің ел болып бірлесе қалыптасуына қаншама жыл кеткенін білеміз.

Жайсаң, жайық даламызға қызыл көзін тіккен жоңғар жаулармен 150 жылға жуық шайқасып, ата-бабамыз қасық қаны қалғанша, жанын аямай жерімізді қорғап қалды. Елін жау аяғына тапталмай, басын өлімге тіккен аталарымыздың ерен ержүректілігінің, қайтпас қайсарлығының арқасында тәуелсіздікке жеттік. Тәуелсіздік таңы атқанына міне 30 жыл толып отыр. Аз ғана мерзімде көптеген елеулі табыстарға, жетістіктерге қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы қауіпсіздігін Президентіміздің жүргізіп отырған саясатының арқасы. Халық



жағдайы, экономикасы дамып, жоғары деңгейге жетті. Өзге елдермен қарым-қатынас жақсарды. Түрлі олимпиадалық ойындардан көрініп, еліміздің әнұраны бүкіл әлем алдында жиі ойнатылып, күннен-күнге үлкен белестерден көрінуде. Аргы тегі ұлы қазақ хандығынан басталып, бергісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан-балаға тараған аманатты сақтау жас ұрпақтың парызы. М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін»- дегендей, Отанды қастерлеу әрбір ұрпақтың міндеті.

Мақсат ӨСЕМАЙ,
11-сынып оқушысы

ТУҒАН ЖЕР ТҰҒЫРЫМ

Туған жер – деген кезде әрбір адамның, әрбір баланың жүрегіңде тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны баршамызға аян. Себебі, адам өзінің туған жерін қадірлейді, туған жеріміз қашанда – ыстық. Туған жерге деген сезім мен махаббатың өлшемсіз шектеусіз. Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны өлкені, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – өркімнің шыр өтіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірлік тұратын өлкесі, алтын ұямыз, үлкен Отанымыз.

Мәңгілік Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, президентіміз тек мәдени кодты сақтай отырып қана уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады. Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді» деген құнды пікірі ата-салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақырады.

Қазақстанды елім деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы бұның басты шарттарының бірі. Жастарға патриоттық тәрбие беру-дің бағдарлы идеяларын өз еңбегінде көрсеткен Президентіміз: «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абад, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп үлкен үміт артты. Отансүйгіштік-бұл Отанға, елге, өзің туып-өскен жеріңе деген сүйіспеншілік. Өзіңнің, еліңнің өткені мен бүгінгі үшін мақтаныш сезімі. Адамның өз

ұрпағын, Отанын сүйуге, өз елі мен жерін құрметтеуге үйретуі-адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан тарихи процесс екені белгілі.

Туған елге деген сүйіспеншілікті жастардың бойына дарытудың алуан түрлі жолы бар, солардың бірі – еліміздің тарихи өлкелерін таныту, құнды жәдігерлерімізбен таныстыру. Ұлан-ғайыр еліміздің кез-келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлер мен деректерді көптеп кездестіруге болады. Мақсат осындай тарихи өлкелерді танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйрету. Туған өлке әрбір адамға ыстық өлке болуымен қатар, халқымыздың басынан кешкен сан ғасырлық тарихтан сыр шертетін асыл мұра.

Мәңгі жаса, менің Қазақстаным! Мәңгі жаса менің Отаным! Міне осындай данагөй, асыл қасиетке бай елде дүниеге келгеніме мақтанамын, мен қазақ екеніме шаттанамын және еліміздің соғыссыз бейбітшілікте өмір сүруін тілеймін! Туған жеріміздің – тұғыры әрқашанда биік болсын!

Асан ҚҰРАЛАЙ,
6-сынып оқушысы

«Namys»

командаға шақырады!




► «Namys» – 2020 жылдан бастап қалалық және республикалық турнирлерде табысты өнер көрсетуде.

► «Namys» – Қарағанды қаласында өткен «НАУРЫЗ кубогы-2021» республикалық турнирде (2014-2015 ж.ж.) чемпион атанды.

► «Namys» – Павлодар қаласында өткен «Павлодар СУР-2021» республикалық турнирде (2012 ж.ж.) чемпион атанды.

► «Namys» – Шымкент қаласында өткен «Ізгілік СУР-2021» республикалық турнирде (2012 ж.ж.) чемпион атанды.

► «Namys» – Петропавл қаласында өткен Абылай Ерденбаевты еске алуға арналған республикалық турнирде (2013 ж.ж.) чемпион атанды.



«NAMYS»

балалар футбол командасы

- Жаттығуларды кәсіби жаттықтырушылар жүргізеді;
- Жеке көзқарас;
- Жеке жаттығулар;
- Аптасына 2 рет жаттығу;
- Жаттығу ұзақтығы – 120 минут;
- Фото және бейне есеп;
- Қалалық және республикалық турнирлерге қатысу;
- Алғашқы жаттығу тегін;
- Кез келген уақытта сіздің балаңыз 5-7, 8-11 жас аралығындағы топтардың біріне жазыла алады.

БІЗ ЧЕМПИОНДАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ



Еркебұлан ЖОМАРТ
бас жаттықтырушы



Аншат МУРАТ
жаттықтырушы



Рахат БОЛАТ
жаттықтырушы

ТЕЛ.: 8-701-467-87-67

НҰРЛЫ МЕКТЕП

Құрылтайшы:
Нұр-Сұлтан қаласы, №87 мектеп-гимназиясы
Редакция алқасының төрайымы:
Қашаева А.

Редакция алқасының мүшелері:

Исмаилова А.
Жумабаева А.
Қасенова Б.
Тамбетова Ж.
Жалелов Д.
Абдиров Ө.

Редакцияның мекенжайы:

Нұр-Сұлтан қаласы,
А.Иманов көшесі, 39-үй.
Телефоны: 8 (7172) 75-95-61.
e-mail: nur_abai_87mg@mail.ru

Газеттің терімі, бет қаттау жұмыстары
№87 мектеп-гимназиясында дайындалып,
«Егип» Медиа холдингі»
(Нұр-Сұлтан қ., Сілеті көшесі №30) ЖШС
баспаханасында басылып шықты.
Газет әр тоқсанда бір рет шығады.

Таралымы 99 дана.